

«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ

2016 жылдың 31 желтоқсанында
аяқталған жыл бойынша қаржылық есептілік

Мазмұны

Тәуелсіз аудиторлардың есебі	
Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есеп	8
Қаржылық жағдай туралы есеп	9
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	10
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	11
Қаржылық есептілікке ескертпелер	12-60



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
050051 Алматы, Достық д-лы 180,
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
050051 Алматы, пр. Достык 180,
E-mail: company@kpmg.kz

Тәуелсіз аудиторлар есебі

«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ Директорлар кеңесіне және Басқармасына

Пікір

Біз 2016 жылғы 31 желтоқсандағы күйі бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы, көрсетілген мерзімде аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражат қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ есептік саясаттың негізгі ережелерінен және басқа да түсініктеме ақпараттар құрайтын ескертулерден тұратын «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ (әрі қарай - «Банк») қоса беріліп отырған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікіріміз бойынша, қаржылық есептілік Банктің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы күйі бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген мерзімде аяқталған жыл үшін оның қаржылық нәтижелері мен ақшалай қаражат қозғалысын барлық маңызды қатынастарда, Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес, шынайы бейнелейді.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз аудитті Аудиттің халықаралық стандарттарына (АХС) сәйкес жүргіздік. Біздің осы стандартқа сәйкес жауапкершілігіміз әрі қарай біздің қорытындымыздың «Қаржылық есептілік аудитіне аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне (БАХӘСБ кодексі) сәйкес Банкке қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз өзіміздің басқа да этикалық міндеттемелерімізді БАХӘСБ кодексіне сәйкес орындадық. Біз аудит жүргізу барысында алынған дәлелдер жеткілікті және біздің аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіздеме болуға лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл біздің кәсіби тұжырымымызға сай, ағымдағы кезеңнің қаржы есептілігіне біздің аудит үшін анағұрлым маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер жалпы алғанда біздің қаржы есептілігіне аудитіміздің мәнмәтінінде және осы есептілік туралы біздің пікірімізді қалыптастырған кезде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жекелеген пікір білдірмейміз.

<i>Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануы</i>	
Қаржы есептілігінің 3 (е) және 13-ескертулерін қараңыз	
<i>Аудиттің негізгі мәселесі</i>	<i>Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер</i>
<p>Клиенттерге берілген несиелерге қатысты құнсызданудан залалдарды Банк есептеуінің бағасы клиенттерге берілген несиелер көлемі маңыздылығы, сондай-ақ Банк пайдаланатын пайымдар маңыздылығы салдарынан аудиттің негізгі мәселесі ретінде қарастырылады.</p> <p>Ұжымдық негізде құнсыздану резервін есептеу үшін алдыңғы кезеңдердегі несиелерді қайтармау коэффициенттеріне негізделген статистикалық моделдер пайдаланылады, бұл есептесу сондай-ақ басшылықтың пайымдарды пайдалануын талап етеді, сонымен қатар негізгі болжамдар несиелердің мерзімінің өтуі ықтималдығы және қарыз алушылардың кейінірек өз міндеттемелерін орындамауы, сондай-ақ осы несиелер бойынша қайтару коэффициенттері болып табылады.</p>	<p>Бұл саладағы біздің рәсімдер басқаларымен қатар келесілерді қамтыды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - несиелер берген кезде бақылаудың дизайны мен операциялық тиімділігін бағалауды, сондай-ақ басшылықтың құнсыздану резерві мөлшерін есептеуді тексеруі үдерісін; - есептеулерді қайталап орындау және бастапқы құжаттамадан іріктемелік негізде алған кіріс деректерін келесімдеуді; бұл рәсім біздің ақпараттық технологиялар бойынша мамандарды тарта отырып орындалды; - моделдерде қолданылатын деректер толық және дәл екендігін бағалауды, сәйкесігше деректер іріктемесін және бастапқы жүйелердегі деректермен салыстырғандағы олардың жиынтық сомасын тестілеу көмегімен; - біздің Банк және оның жақындағы қызмет көрсеткіштері түсінігімізбен салыстырғандағы құнсыздануды бағалау үшін пайдаланылатын негізгі болжамдардың орындылығын сындарлы бағалауды; сондай-ақ Банктің нақты тарихи іс-тәжірибесі негізінде резервтеу коэффициенттерін қайта санау жүргізілді; - Банктің несиелік тәуекел, қарыз портфелі құрылымы мен сапасы және құнсыздану резервіне қатысты ашылуы жеткіліктігін қарастыруды.

Басқа ақпарат

Басшылық басқа да ақпарат үшін жауапты болып табылады. Басқа да ақпаратқа жылдық есепте бар ақпарат кіреді, бірақ қаржы есептілігі мен оған біздің аудиторлық есебіміз кірмейді. Жылдық есеп бізге, болжаммен, осы аудиторлық есеп берілген күннен кейін ұсынылады.

Біздің қаржы есептілігі туралы пікіріміз басқа ақпаратқа тарамайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысандағы сенімділікті қамтамасыз ететін қорытынды ұсынбаймыз.



Басқа ақпарат, жалғасы

Біздің қаржы есептілігіне аудит жүргізуімізбен байланысты біздің міндетіміз басқа ақпаратпен танысу және осымен қатар басқа ақпарат пен қаржы есептілік немесе аудит барысында біз алған біліміміздің арасында маңызды сәйкессіздік бар ма және басқа да ақпаратта өзге де мүмкін айтарлықтай бұрмалаушылықтар бар ма деген сұрақты қарастыру болып табылады.

Қаржылық есептілікті дайындау үшін Банк басшылығының жауапкершілігі

Басшылық аталған қаржы есептілігін ХҚЕС-ға сәйкес дайындау және әділ ұсыну үшін және басшылық алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер нәтижесінде жол берілген айтарлықтай бұрмалаушылықтары жоқ қаржы есептілігін дайындау үшін қажетті деп есептейтіндей ішкі бақылау үшін жауапты.

Қаржы есептілігін дайындау кезінде басшылық Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, сәйкес жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашу үшін және басшылық Банкті таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеті болған немесе онда тарату немесе қызметті тоқтатудан басқа қандай да бір басқа нақты балама болмаған кезден басқа жағдайларда қызметтің үздіксіздігі туралы болжам негізінде есептілік құрау үшін жауап береді.

Корпоративті басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Банктің қаржы есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауап береді.

Қаржылық есептілік аудитіне аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржы есептілігінде алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан маңызды бұрмалаушылықтар жоқ деген саналы сенімділікке ие болудан және біздің пікіріміз көрсетілген аудиторлық қорытынды шығарудан тұрады. Саналы сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит егер олар болған жағдайда үнемі маңызды бұрмалаушылықтарды анықтайтынының кепілдемесі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жекелеп алғанда немесе жинақтала келе осы қаржы есептілігі негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешіміне әсер ете алады деп негіздеделі түрде болжамдауға болса маңызды деп саналады.

Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит аясында біз кәсіби пайымдауларды қолданамыз және бүкіл аудит бойына кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Сонымен қатар біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржы есептілігінің маңызды бұрмалаушылықтары тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін негіздеме қызметін атқару үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесіндегі маңызды бұрмалаушылықтарды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесіндегі маңызды бұрмалаушылықтарды анықтамау тәуекелінен гөрі жоғары, себебі алаяқтық әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана әрекет, ақпаратты немесе әрекетті ішкі бақылау жүйесін айналып өтіп бұрмалап ұсыну жатуы мүмкін;



Қаржылық есептілік аудитіне аудитордың жауапкершілігі, жалғасы

- жағдаяттарға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Банктің ішкі бақылау жүйесі тиімділігі туралы пікірін білдіру мақсатында емес аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және бухгалтерлік бағалау мен басшылық дайындаған ақпаратты сәйкесінше ашу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы болжамды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – соның нәтижесінде Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне маңызды күдік туындауы мүмкін оқиғалар немесе шарттармен байланысты айтарлықтай белгісіздік бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындымызда қаржы есептілігінде ақпаратты лайықты ашуға назар аудартуымыз қажет немесе ақпаратты мұндай ашу лайықты емес болып табылса өз пікірімізді түрлендіруіміз қажет. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлық түйінге дейінгі мерзімде алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда болашақтағы оқиғалар немесе шарттар Банк өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтып алуына алып келуі мүмкін;
- қаржы есептілігін тұтас алғанда, ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржы есептілігі оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуы қамтамасыз етілетіндей ұсынатындығын қоса алғандағы оның құрылымы мен мазмұнын ұсынуды бағалауды жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен, оларға басқасымен қатар, аудиттің жоспарланған көлемдері мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижесі бойынша маңызды ескертулер туралы, оның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің айтарлықтай кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, ақпараттық өзара әрекеттестікті жүзеге асырамыз.


Біз сондай-ақ корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға біз дербестікке қатысты барлық сәйкесінше этикалық талаптарды сақтағанымыз және бұл тұлғаларға өзара қатынастар мен тәуелсіз аудиторға әсер ететін деп негізді түрде санауға болатын басқа да мәселелерді хабарлағанымыз, ал қажет болған жағдайда – сақтанудың сәйкесінше шаралары туралы өтінішті ұсынамыз.

**Қаржылық есептілік аудитіне аудитордың жауапкершілігі,
жалғасы**

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға біз жеткізген мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезең үшін қаржы есептілігі аудиті үшін анағұрлым маңызды болған мәселелерді анықтаймыз, демек, олар аудиттің негізгі мәселелері болып табылады. Біз бұл мәселелерді, бұл мәселелер туралы ақпаратты жария етіп ашуға заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайлардан басқа жағдайларда немесе біз қандай да бір мәселе туралы ақпарат мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдарлары оны хабарлағаннан қоғамдық маңызы бар пайдадан асып кетеді деп негізді түрде болжауға болатындықтан қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің қорытындыда хабарланбауы қажет деген қорытындыға өте сирек жағдайда келгендегі жағдайлардан басқа кезде біздің аудиторлық қорытындымызда сипаттаймыз.

Оның нәтижесі бойынша тәуелсіз аудиторлардың осы аудиторлық есеп шығарылған тапсырманың басшысы Елена Ким болып табылады.


Ким Е.В.
Қазақстан Республикасының
сертификацияланған аудиторы,
Аудитордың 2011 жылғы 8 тамыздағы
біліктілік келісімінің №МЖС-0000042



«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін
2006 жылы 6 желтоқсанда берген мемлекеттік лицензияның №0000021

Хаирова А.А.
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде әрекет
ететін Бас директоры



14 ақпан 2017 жыл

«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ
2016 жылдың 31-желтоқсанында аяқталған
пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есеп

		2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
Пайыздық кірістер	4	37,309,270	32,327,889
Пайыздық шығыстар	4	(11,407,161)	(6,928,157)
Таза пайыздық кіріс		25,902,109	25,399,732
Комиссиялық кірістер	5	17,610,762	16,546,124
Комиссиялық шығыстар	6	(1,260,131)	(1,230,197)
Таза комиссиялық кіріс		16,350,631	15,315,927
Әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдарымен жасалған операциялардан түсетін таза (шығыс)/кіріс	7	(542,819)	7,457,303
Шетел валютасымен жасалған операциядан түскен кіріс/(шығыс)	8	164,267	(10,703,746)
Басқа да операциялық кіріс/(шығыс)		632,509	(8,961)
Операциялық кіріс		42,506,697	37,460,255
Құнсызданудан түскен залалдар	9	(1,004,264)	(9,878,767)
Жалпы әкімшілік шығыстар	10	(19,792,756)	(15,646,416)
Салық салуға дейінгі кіріс		21,709,677	11,935,072
Табыс салығы бойынша шығыс	11	(4,390,273)	(3,448,930)
Жыл бойынша кіріс пен жалпы жиынтық табыс		17,319,404	8,486,142
Бір акцияға шаққандағы табыс көлемі, теңгемен (негізгі және араластырылған)	24	496,400	243,226

8-60 беттерде берілген қаржы есептілігі 2017 жылдың 14 ақпанында басшылықпен мақұлданды.

Нарине Надирова
Басқарма төрағасының міндетін атқарушы



Гаухар Масангалиева
Бас бухгалтер

Оқырман пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есеп ескертпелермен үйлестіре қарастыруы қажет. Бұл есеп бүкіл қаржы есептілігінің құрамды бөлігі болып табылады.

	Ескертпе	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты мен оның баламасы	12	16,428,817	13,190,286
Клиенттерге берілген несиелер	13	117,697,312	96,629,836
Негізгі құралдар мен материалды емес активтер	14	6,822,854	5,880,416
Басқа да активтер	15	2,420,361	1,732,191
Барлығы активтер		143,369,344	117,432,729
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары	16	212,431	-
Банктердің шоттары мен депозиттері	17	20,276,333	23,938,458
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері			
- Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары мен депозиттері	18	34,129,269	26,218,643
- Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары мен депозиттері	18	39,389,258	18,083,301
Шығарылған міндеттемелі құнды қағаздар	19	6,920,282	13,891,769
Депозиттік сертификаттар	20	318,616	-
Басқа да міндеттемелер	21	5,937,345	3,434,115
Барлығы міндеттемелер		107,183,534	85,566,286
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	22	5,199,503	5,199,503
Үлестірілмеген кіріс	22	30,986,307	26,666,940
Барлығы капитал		36,185,810	31,866,443
Барлығы міндеттемелер мен капитал		143,369,344	117,432,729
Бір акцияға шаққандағы теңгерімдік құн, теңгемен	23	916,989	820,015

	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Пайыздық кірістер	35,948,336	31,336,748
Пайыздық шығыстар	(11,299,337)	(6,749,655)
Комиссиялық кірістер	17,175,205	16,520,965
Комиссиялық шығыстар	(1,208,193)	(1,207,992)
Әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдарымен жасалған операциялар бойынша таза (шығыстар)/кірістер	(330,388)	7,749,451
Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза кірістер/(шығыстар)	1,420,536	(5,083,484)
Басқа да табыстар бойынша таза кірістер/(шығыстар)	632,509	(8,961)
Жалпы әкімшілік шығыстар бойынша төлемдер	(17,223,888)	(13,660,111)
Операциялық активтердің (көбеюі)/азаюы		
Клиенттерге берілген несиелер	(18,817,366)	(5,659,459)
Басқа да активтер	(248,357)	(279)
Операциялық міндеттемелердің көбеюі/(азаюы)		
Банктердің шоттары мен депозиттері	(4,110,269)	20,210,202
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	28,920,564	(4,727,481)
Депозиттік сертификаттар	314,600	-
Басқа да міндеттемелер	(144,994)	3,576
Табыс салығын төлегенге дейін операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза түсімі	31,028,958	38,723,520
Төленген табыс салығы	(4,072,800)	(3,350,022)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты	26,956,158	35,373,498
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Негізгі құралдарды және материалды емес активтерді сатып алу	(3,160,151)	(2,530,545)
Негізгі құралдарды және материалды емес активтерді сату	29,918	50,533
Ақша қаражатын инвестициялық қызметте қолдану	(3,130,233)	(2,480,012)
ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Тәртіптелген қарызды өтеу	-	(640,000)
Басқа да тартылған қаражаттың түсімдері	-	7,957,050
Басқа да тартылған қаражатты өтеу	-	(29,224,008)
Құнды қағаздардың айналымға түсуінен келген кіріс	(7,000,000)	-
Дивидендік төлемдер	(13,000,037)	(6,002,481)
Қаржылық қызметте қолданылған ақша қаражаты	(20,000,037)	(27,909,439)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі	3,825,888	4,984,047
Валюта бағамы өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларының мөлшеріне беретін әсері	(587,357)	4,760,500
Жыл басындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары	13,190,286	3,445,739
Жыл аяқталған кездегі ақша қаражаты мен олардың баламалары (12 ескертпе)	16,428,817	13,190,286

«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ
2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған капиталдағы өзгерістер туралы есеп

мың теңге	Акционерлік капитал	Үлестірілмеген кіріс	Барлығы
2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша қалдық	5,199,503	24,183,279	29,382,782
Жыл бойынша кіріс пен жалпы жиынтық табыс	-	8,486,142	8,486,142
Дивидендік төлемдер	-	(6,002,481)	(6,002,481)
2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	5,199,503	26,666,940	31,866,443
2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша қалдық	5,199,503	26,666,940	31,866,443
Жыл бойынша кіріс пен жалпы жиынтық табыс	-	17,319,404	17,319,404
Дивидендік төлемдер	-	(13,000,037)	(13,000,037)
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	5,199,503	30,986,307	36,185,810

1 Негізгі ережелер

(а) Ұйымдық құрылым мен негізгі қызмет

«FTD» жеке меншік банкі 1993 жылы құрылып, кейін 1994 жылғы желтоқсанда «Алматы» Банкі аталды. 1995 жылы желтоқсанда «Алматы» Халықаралық банкі» ААҚ ретінде қайта тіркелді. Заңнамадағы өзгерістерге байланысты 2004 жылы қарашада Банк акционерлік қоғам ретінде қайта тіркелді. 2008 жылы 4 қарашада «Алматы» Халықаралық банкі» АҚ «Хоум Кредит Банк» АҚ болып аталды. 2013 жылы қаңтар айында «Хоум Кредит энд Финанс Банк» ЖШҚ (бұдан әрі – «ХКФ Банк» ЖШҚ) – Ресей Федерациясында тіркелген банк, Банкті сатып алды, осыған байланысты 2013 жылы 4-сәуірде соңғысы «Хоум Кредит энд Финанс Банк» акционерлік қоғамы еншілес банкі (қысқаша – «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ) деп атын ауыстырды.

Банктің негізгі қызметі бөлшек несиелерін беру, депозиттерді тарту және клиенттердің шоттарын ашу және жүргізу, кепілдіктер беру, есеп-айырысу-кассалық қызмет көрсету, шетел валютасымен операциялар жүргізу. Банктің қызметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (бұдан әрі – «ҚРҰБ») реттеледі. Банктің 2016 жылдың 11-қаңтарында берілген банктік қызмет және бағалы қағаздар нарығында қызмет атқаруға №1.2.36/40 лицензиясы бар.

Банктің бас кеңсесінің заңды тіркелген мекен-жайы 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Фурманов көш., 248. 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің Қазақстан Республикасында орналасқан 17 филиалы және 41 бөлімшесі болды. (2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша: 17 филиалы және 41 бөлімшесі).

Банк шығарған міндеттемелі құнды қағаздары Қазақстан қор биржасында (KASE) есепке алынған.

2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Ресей Федерациясында тіркелген «ХКФ Банк» ЖШҚ Банктің 100% акционері болып табылады. Банктің соңғы иегері Нидерландыда тіркелген ППФ Групп Н.В. компаниясы арқылы «ХКФ Банк» ЖШҚ-на бақылау жүргізетін Петр Келлнер болып келеді.

(ә) Қазақстанда қаржы-шаруашылық қызметті іске асырудың шарттары

Банк өз қызметін көбінесе Қазақстан аумағында іске асырады. Осының салдарынан Банк Қазақстан нарығында дамып келе жатқан нарықтарға тән болатын ерекше белгілерін білдіретін экономикалық және қаржы тәуекелдеріне тап болуда. Заңгерлік, салық және нормативтік заңнама жетілдірілуін жалғастыруда, алайда, әр түрлі түсіндірілу мүмкіндігіне жол беріп, заңгерлік және салық жүйелерінің басқа да кемшіліктерімен бірігіп, өз қызметін Қазақстанда атқаратын банктер үшін қосымша қиындықтар тудыратын, жиі енгізілетін өзгерістерге тап болады. Сонымен қатар, Қазақстандық Теңгенің соңғы құнсыздануы және әлемдік мұнай бағасының арзандауы бизнес-ортаның құбылмалдылық деңгейін арттырды. Осы қаржы есептіктері арқылы Банк басшылығы Қазақстан бизнес шарттарының Банк жұмысына және қаржы позициясына қалай әсер ететінін көрсетеді. Қаржы-шаруашылық қызметін іске асыру жағдайларының кейінгі дамуы басшылықтың бағалауынан өзгешеленуі мүмкін.

2 Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидалары

(а) ХҚЕС сәйкес келуі туралы мәлімдеме

Осы құжаттағы қаржылық есептілік Халықаралық Қаржылық Есептеме Стандарттарына (ХҚЕС) сай жасалған.

(ә) Құнды белгілеу негізі

Осы қаржылық есептілік әділ құны кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдарын есепке алмағанда, тарихи (бастапқы) құны негізінде дайындалды.

(б) Атқарымды валюта және қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы

Банктің атқарымды валютасы Қазақстандық Теңге (бұдан әрі - теңге), ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы болып табылып, Банк жүргізетін операциялар мен оларға байланысты оның қызметіне әсер ететін мән-жайлардың көбісінің экономикалық мәнін аса анық көрсетеді.

Сонымен бірге теңге осы қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады.

Қаржылық есептіліктің барлық деректері бүтін мың теңге дәлдігімен ықшамдалған.

(в) Кәсіби пікірлерді, есептік бағалаулар мен жорамалдарды қолдану

Қаржылық есептілікті ХҚЕС сәйкес дайындау басшылықпен кәсіби пікірлерді, жорамалдар мен есептік бағалауларды қолдануды талап етеді, олар есептік саясаттың ережелерінің қолдануына және активтер, міндеттемелер, табыстар мен шығыстар қандай сомаларда көрсетілетініне әсер етеді. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаудан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалаулар мен олардың негізінде жатқан жорамалдау жүйелі түрде қайта қарастырылады. Бағалаудағы түзетулер тиісті бағалаулар қайта қарастырылған есептік кезеңде және де оларға қатысы бар кез келген кейінгі кезеңдерде мойындалады.

Есептік саясаттарын пайдаланудағы елеулі тұрақсыз бағалаулар мен сын бағалаулар туралы ақпарат келесі ескертпеде сипатталған:

- комиссиялық кірістер – 5 және 3(ж) ескертпеде сипатталған
- кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары – 7, 16 және 32 ескертпеде сипатталған
- құнсызданудан түскен залалдарды есепке алу – 13 ескертпеде сипатталған.

(г) Есептік саясат пен деректерді ұсыну өзгерістері

Банк 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап стандарттарға мынадай толықтырулар қабылдады:

Ақпаратты көрсету бастамасы (ХҚЕС (IAS) 1-ге түзетулер). Бұл түзетулер маңыздылық принципін нақтылайды. Атап айтқанда, компаниялар қолданушыларға тиімді ақпарат беру мақсатында қаржылық жағдай туралы есепте және пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есептегі қатарларды бөле алады; егер ХҚЕС (IAS) 1-тармағында белгіленген баптар елеусіз болса қаржылық жағдай туралы есепте және пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есептегі қатарларды біріктіре алады. Осы өзгерістер мен толықтыруларға байланысты қаржылық жағдай туралы есепте келесі өзгерістер енгізілді:

2 Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидалары, жалғасы**(г) Есептік саясат пен деректерді ұсыну өзгерістері, жалғасы**

мың теңге	Бұрын көрсетілген	Қайта жіктеу әсері	Қайта жіктелген
2015 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есеп			
Банктерге берілген несиелер мен алғытөлемдер	1,952	(1,952)	-
Ағымдағы салық активтері	73,961	(73,961)	-
Басқа да активтер	1,656,278	75,913	1,732,191
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	44,301,944	(44,301,944)	-
- Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары мен депозиттері	-	26,218,643	26,218,643
- Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары мен депозиттері	-	18,083,301	18,083,301
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	155,210	(155,210)	-
Басқа да міндеттемелер	3,278,905	155,210	3,434,115

3 Есептік саясаттың негізгі қағидалары

Төмендегі сипатталған Банк қолданатын есептік саясаттың ережелерін, 2 (г)-ескертпеде сипатталған есептік саясат өзгерістерінен басқа, осы қаржы есептілігінде келтірілген барлық есептік кезеңдерде жүйелі түрде қолданады.

(а) Шетел валютасы

Шетел валютасында жасалған транзакциялар Банктің атқару валютасына транзакция жасалған күні аударылады.

Шетел валютасында бағаланатын ақша активтері мен міндеттемелер құны осы есептеменің жасалған күнінде жарияланған атқару валютасының бағамы бойынша есептеледі. Қаржы құралдарынан түскен валюталық кіріс немесе шығыс екі көрсеткіштер арасындағы айырмашылық болып табылады. Оның бірі – кезең басындағы атқару валютасымен бағаланатын амортизацияланған құн. Бұл көрсеткіш кезең бойы тиімді пайыздар мен төлемдерді ескереді. Екіншісі – амортизацияланған шетел валютасындағы құн. Бұл көрсеткіш есеп беру кезеңінің соңындағы айырбастау бағамына сай аударылады.

Ақшалай емес активтер мен міндеттемелер тарихи баға бойынша шетел валютасында есептелетін болса, олар транзакция жасалған уақытта қалыптасқан айырбастау бағамына сай аударылады.

Шетелдік валютаға аудару нәтижесінде пайда болған бағамдық айырмашылықтар кіріс немесе залал құрамында көрсетіледі.

(ә) Қолма-қол ақша және оның баламалары

Қолма-қол ақша және оның баламалары – қолдағы банкноталар мен монеталар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде («ҚРҰБ») немесе басқа банктердегі шектелмеген қорлар (ностро шоттар), ҚРҰБ минималды қорлар бойынша талаптар және Банктің қысқа мерзімде қолданатын, құнының өзгеру қаупі шамалы және құны үш ай ішінде өтелетін жоғары ликвидті қаржы құралдары. ҚРҰБ шотындағы міндетті резервтік талаптар оның қаражатты алу қабілеті бойынша шектеулердің салдарынан ақша қаражатының баламасы болып саналмайды. Қолма-қол ақша мен ақшалай эквиваленттері қаржылық жағдайы бойынша есепте амортизациялық құны бойынша есепке алынады.

3 Есептік саясаттың негізгі қағидалары, жалғасы

(б) Қаржы құралдары

(i) Сыныптама

Әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары келесі қаржы активтері немесе міндеттемелері болып табылады:

- жақын арада сату немесе қайта сатып алу мақсатында сатып алынған немесе жұмсалған;
- жаңа іс жүзіндегі құрылымын дәлелі бар қысқа мерзімді табыс табуға арналған бірге басқарылатын нақты қаржы құралдар портфелінің бір бөлігі;
- деривативті қаржы құралдары (қаржылық кепілдік, нақты және тиімді хеджинг құралдарынан басқа), немесе
- ең басында шығыс немесе кіріс ретінде әділ бағамен көрсетілетін Қаржы құралдары ретінде танылған құралдар.

Банк әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелері келесі жағдайларда тағайындайды:

- активтер мен міндеттемелер іштей әділ бағамен басқарылып, бағаланып, есептелсе;
- осындай тағайындау есептеудегі мүмкін болатын келіспеушіліктерді жойса немесе елеулі түрде қысқартса, немесе
- актив немесе міндеттеменің құрамында келісім бойынша талап етілетін ақша қозғалысын елеулі өзгертетін деривативтер болса.

Кіріс бөлігіндегі барлық сауда деривативтері (оң әділ баға) сатып алынған опциондар сияқты актив ретінде көрсетіледі. Шығыс бөлігіндегі барлық сауда деривативтері (теріс әділ баға), берілген опциондар сияқты міндеттемелер ретінде көрсетіледі.

Осындай қаржы құралдарының категориясын олардың бастапқыда танылған кезінде Басшылық белгілейді. Бастапқыда танылғаннан кейін тағайындалған әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары мен деривативтік қаржы құралдары өз сыныптамасын жоғалтпайды. Несиелер мен кіріс төлемдері сипаттамасына сай қаржы құралдары егер банк оларды жақын болашақта немесе өтуге дейін ұстап тұру ниеті немесе мүмкіндігі болса әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары немесе сатуға арналған категориясына жіктелуі мүмкін. Басқа қаржы құралдарының сыныптамасын тек ерекше жағдайларда өзгертуге болады. Ерекше жағдай дегеніміз – әдеттен тыс, жақын арада қайталану ықтималдылығы шамалы жағдай.

Несиелер мен кіріс төлемдері – деривативті емес қаржы құралдары. Олардың нақты, нарықтағы жағдайға тәуелсіз құны болады. Оларды Банк:

- жақын арада сатпауы тиіс;
- бастапқыда әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары танымауы тиіс;
- бастапқыда тану кезінде сатылуға арналған зат ретінде тағайындамауы тиіс,
- несиенің құнсыздануына байланысты жағдайлардан басқа кездерде бастапқы инвестицияларын қайтаруы тиіс.

3 Есептік саясаттың негізгі қағидалары, жалғасы

(б) Қаржы құралдары, жалғасы

(i) Сыныптама, жалғасы

Өтелгенге дейінгі инвестициялар – деривативті емес қаржы құралдары. Олардың нақты төлемі және өтелу мерзімі болады. Банктің оларды өтелу мерзіміне дейін ұстауға деген ниеті және мүмкіндігі болу керек. Келесі құралдар бұл категорияға жатпайды:

- бастапқыда танылу кезінде Банк Әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары ретінде тағайындаса;
- Банк сатылуға арналған зат деп таныса,
- несие мен кіріс төлемі сипатына сай келсе.

Сатылуға арналған қаржы құралы – деривативті емес құрал. Оның несие немесе кіріс төлем сипаттамасы болмауы тиіс. Сонымен қатар, ол өтелгенге дейін ұсталатын Әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары болмауы тиіс.

(ii) Қаржы есептілігінде қаржы құралдарын тану

Қаржы активтері және міндеттемелер қаржы позициясы есептемесінде танылады. Ол үшін Банк сол құрал аясында жасалған келісімнің бір тарабы болуы тиіс. Әдетке сай жолмен сатып алынатын қаржы құралдарының бәрі сатып алу күнімен белгіленеді.

(iii) Қаржы құралдарын бағалау

Қаржы құралы немесе міндеттеме бастапқыда әділ құнымен бағаланады. Егер ол шығыс немесе кіріс ретінде әділ бағамен көрсетілетін құрал болмаса, оның құнына оны сатып алу немесе шығару кезінде жасалатын транзакциялар ақысы қосылады.

Бастапқыда танылғаннан кейін қаржы активтері, оның ішінде актив болып табылатын деривативтер, әділ құнымен өлшенеді. Олардың құнынан қандай да бір транзакция ақысы шегерілмейді. Келесі құралдар бұл категорияға жатпайды:

- тиімді пайыз әдісі арқылы амортизацияланған құнымен өлшенетін несиелер мен кіріс төлемдері;
- тиімді пайыз әдісі арқылы амортизацияланған құнымен өлшенетін өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар;
- өз капиталына салынған инвестициялар. Ондай құралдардың белсенді нарықтағы бағамдары болмайды, сондықтан олардың әділ құнын өлшеу мүмкін емес.

Шығыс немесе кіріс ретінде әділ бағамен көрсетілетін міндеттемелер және қаржы активінің әділ бағамен аударылуы қайта танылмайтындықтан пайда болатын міндеттемелерден басқа барлық қаржы міндеттемелер амортизацияланған құнымен өлшенеді.

(iv) Амортизацияланған құн

Қаржы құралы немесе міндеттеменің амортизацияланған құны – сол қаржы құралы немесе міндеттеменің бастапқыда танылған сомасы минус қайтарылатын төлемдер, плюс не минус алғашқы танылған сома мен өтелу сомасы арасындағы айырмашылықтың тиімді пайыз әдісі арқылы жинақталған амортизациясы, минус құнсыздану. Сыйақылар мен жеңілдіктер, оның ішінде транзакция ақысы, құралдың теңгерімдік құнына кіреді және тиімді пайыз әдісі арқылы амортизацияланады.

3 Есептік саясаттың негізгі қағидалары, жалғасы

(б) Қаржы құралдары, жалғасы

(v) Әділ бағаны есептеу негіздері

Әділ құн – активті сатқандағы алынатын немесе міндеттемені аудару үшін төленетін транзакциялық негізгі баға. Мұндай транзакция реттелген нарықта орын алуы тиіс. Ондай нарық болмаған жағдайда, Банк жұмыс істей алатын ең дамыған нарықты қолдануы керек. Міндеттеменің әділ құны операциялық емес тәуекелдердің көрінісі болып табылады.

Мүмкін болған жағдайда Банк активтің әділ құнын белсенді нарықта қалыптасқан бағасымен бағалайды. Белсенді нарық – активтер мен міндеттемелер бойынша сауда-саттық ұдайы әрі үлкен көлемде жасалатын, және осының арқасында ағымдағы баға туралы толық мағлұмат пайда болатын нарық.

Егер белсенді нарық та, қалыптасқан баға да болмаса, Банк әділ құнды бағалау әдісін қолданады. Ондай әдіс бақыланатын факторларды мейлінше көбірек, ал бақыланбайтын факторларды мейлінше азырақ қарастырады. Қолданылатын бағалау әдісі нарық қатысушыларының бағаны орнатуда ескеретін барлық факторларды қамтиды.

Бастапқыда танылар кездегі қаржы құралының әділ бағасы – транзакция бағасы болап табылады, яғни саудаға түскен баға. Егер Банк қаржы құралының бастапқыда танылған әділ бағасы транзакция бағасынан өзгеше екенін және белсенді нарықтағы ұқсас актив немесе міндеттеменің әділ бағасымен немесе тек нақты нарық деректеріне сүйенетін бағалау әдісімен ешқандай байланысы жоқ екенін анықтаса, қаржы құралы өзінің бастапқы әділ құнымен бағаланады. Ал сол бастапқыда әділ құн ретінде танылған баға мен келешекте қолданылатын транзакциялық баға арасындағы айырмашылық құралдан түскен кіріс немесе шығыс болып танылады. Егер, келешекте, нақты нарық пайда болса, актив құны сол нарықта қалыптасатын бағамен өлшенеді.

Банктің жеке-жеке басқарылатын нарық немесе несие тәуекелдеріне тәуелді қаржы активтері мен міндеттемелерінен құралған портфельдер сатып алу позициясын сатудан түсетін (немесе сату позициясын аудару үшін төленетін) бағамен өлшенеді. Осы портфельге байланысты өзгерістер жеке активтер мен міндеттемелерге қатысты жасалады.

(vi) Бағалау нәтижесіндегі кіріс пен шығыс

Қаржы құралының немесе міндеттеменің әділ бағасының өзгеруінің нәтижесінде пайда болатын кіріс немесе шығыс:

- кіріс немесе шығыс ретінде танылған кіріс немесе шығыс ретінде әділ бағамен көрсетілетін қаржы құралы
- сатуға арналған қаржы құралынан түскен кіріс немесе шығыс негізгі капиталдың басқа табысы тарауына кіреді (құнсыздану немесе сатуға арналған несиелік қаржы құралдарынан түскен валюта бағамындағы айырмашылық негізіндегі кіріс немесе шығыстан басқа). Мұндай жағдай құралды теңгерімнен шығарғанға дейін жалғасады. Ол кезде капитал тарауында жинақталған кіріс немесе шығыс табыс немесе шығын тарауына өтеді. Сатуға арналған қаржы құралының пайызы тиімді пайыз әдісі арқылы табыс немесе шығын болып танылады.

Амортизацияланған құнымен есептелетін қаржы құралдары мен міндеттемелер аясындағы кіріс немесе шығыс сол қаржы құралдары мен міндеттемелер теңгерімнен шығарылған кезде табыс немесе шығын болып танылады.

3 Есептік саясаттың негізгі қағидалары, жалғасы

(б) Қаржы құралдары, жалғасы

(vii) Теңгерімнен шығару

Банк қаржы құралын теңгерімнен шығаратын жағдайлар: қаржы құралы аясында жасалған келісім мерзімінің аяқталуы; қаржы құралына байланысты барлық тәуекелдің және сыйақының басқа тұлғаға өтуі; қаржы құралының Банк бақылауынан шығуы. Банк қолындағы басқа тұлғаға өткен қаржы құралының үстеме пайызы қаржы позициясы есептемесінде бөлек құрал немесе міндеттеме болып көрсетіледі. Қаржылық міндеттемені Банк теңгерімнен келісімнің мерзімі аяқталғанда, не шарттары жойылғанда шығарады.

Банк қаржы позициясы есептемесінде көрсетілген құралдарды басқа тұлғаларға аударғанымен, сол құралдардың барлық немесе жеке тәуекелдерін немесе сыйақыларын өзіне қалдыра алады. Егер барлық тәуекелдер мен сыйақылар Банктің өзінде қалса, ондай құралдар теңгерімнен шығарылмайды.

Егер барлық тәуекелдер мен сыйақылар сақталмайтын немесе басқа тұлғаға өтпейтін транзакция нәтижесінде құрал Банк бақылауынан шықса, ондай құрал теңгерімнен шығарылады.

Егер транзакция нәтижесінде бақылау сақталса, Банк транзакция шарттарына сай құралды тануын жалғастырады.

Банк өзінің қарызын сатып алған жағдайда, ондай қарыз қаржы позициясы есептемесінен алынып тасталады, ал сол міндеттеменің номиналды құны мен төленген сома арасындағы айырмашылық қарыздың ерте жабылуынан туындайтын табыс немесе залал ретінде қарастырылады.

Банк сондай ақ жинауға келмейтін деп танылған құралдар мен белгілі бір активтерді теңгерімнен шығарады.

(viii) Деривативті қаржы құралдары

Деривативті қаржы құралдары: своп, форвард, фьючерс, спот транзакциялары, пайыз бағамына опциондар, валюта айырбастау, құнды метал және қор нарығы, және осы құралдардың жиынтығы.

Бастапқыда деривативтер келісім-шарт жасалған күнгі әділ бағамен танылады. Одан кейін олар әділ бағаға сай қайта бағаланады. Егер деривативтің әділ бағасы оң болса, ол актив болып, ал теріс болса, міндеттеме болып саналады.

Дериватив бағасы өзгерсе, ол сол мезетте табыс немесе шығын болып танылады.

Банк деривативтерді тәуекелдерін хеджингтеу мақсатында қолданғанымен, мұндай құралдар есептемеде хеджинг ретінде көрсетілмейді.

(ix) Өтелу

Қаржы құралдары немесе міндеттемелер қаржы позициясы есептемесінде көрсетілген таза бағамымен өтелу үшін Банктің заңды құқығы және ынтасы болуы қажет. Немесе, құралдар сатылып, міндеттемелер артынша орындалуы мүмкін.

3 Есептік саясаттың негізгі қағидалары, жалғасы

(в) Мүлік пен құрал-жабдықтар

(i) *Меншіктегі активтер*

Мүлік пен құрал-жабдықтар құны жинақталған амортизация мен шығындарды шегеріп тастағаннан кейін көрсетіледі.

Егер мүлік сипаттамалары ортақ, бірақ жарамдылық мерзімі әр түрлі бөліктерден тұрса, ол бөліктер есептемелерде бөлек мүлік немесе құрал жабдықтар болып көрсетіледі.

(ii) *Амортизация*

Амортизация активтің белгіленген жарамдылық мерзімі бойы біркелкі есептеліп отырады. Амортизация бұйымды сатып алған сәттен немесе, іштей жасалған актив болған жағдайда, сол активтің қолданысқа енгізілген сәтінен бастап есептеледі. Жер телімі амортизацияға жатпайды. Активтердің белгіленген жарамдылық мерзімдері:

Ғимарат	50 жыл;
Компьютер	2-5 жыл;
Көлік	7 жыл;
Жалға алынған мүлікті абаттандыру	7-10 жыл;
Басқа активтер	2-10 жыл.

(г) **Материалды емес активтер**

Материалды емес активтер құны жинақталған амортизация мен шығындарды шегеріп тастағаннан кейін көрсетіледі.

Компьютерлік бағдарламалар лицензиясы оның сатып алынған бағасы мен оны іске қосуға кеткен шығындар негізінде капиталданады.

Амортизация материалды емес активтің белгіленген жарамдылық мерзімі бойы біркелкі есептеледі. Белгіленген жарамдылық мерзімі 1 жылдан 7 жылға дейін.

(ғ) **Құнсыздану**

Әр есептік жылдың соңында Банк қаржы активтерінің немесе активтер жиынтығының құнсыздану белгілерін сарапқа салады. Сондай белгі байқалған жағдайда Банк сол құнсыздану көлемін анықтайды.

Қаржы активі немесе активтер жиынтығы құнсыздалған және құнсыздану залалы келтірілген деп танылуы үшін бастапқыда танылғаннан кейін сол активтің келешек ақша ағымдарына бір немесе бірнеше оқиғалардың әсер еткеніне дәлел болуы тиіс (залал жағдайы), және де сол әсерді ақшалай бағалауға мүмкіндік болу керек.

Қаржы активтерінің құнсыздануының дәлелі ретінде қарыз алушының дефолты немесе шарттарды бұзуы, несие ковенанттарының немесе шарттарының бұзылуы, қарыздың немесе алтын Банкке тиімсіз түрде қайта құрылуы, қарыз алушының банкротқа ұшырайтынын көрсететін белгілердің пайда болуы, құнды қағаздың белсенді нарығының жойылуы, кепілдік құнының жоғалуы, қарыз алушылардың төлем қабілетіндегі теріс өзгерістер немесе дефолттармен байланысы бар экономикалық жағдайлар саналады.

3 Есептік саясаттың негізгі қағидалары, жалғасы

(ғ) Құнсыздану, жалғасы

(i) Амортизацияланған құнымен есептелетін қаржы активтері

Амортизациялық құны бойынша есептелінетін қаржы активтері негізінен несиелер мен басқа дебиторлық берешектен (несиелер мен дебиторлық берешек) тұрады. Банк өз несиелері мен дебиторлық берешегін тұрақты негізде нашарлау деңгейін бағалау үшін қарастырады.

Банк ең алдымен маңызды жеке дара несиелер мен кіріс төлемдерінің құнсыздануының дәлелдерін іздейді. Сосын, басқа несиелер мен кіріс төлемдерінің құнсыздануының дәлелдерін топталап іздейді. Егер Банк бір несиені немесе кіріс төлемін зерделеп, оның құнсыздануын дәлелдейтін айғақ таппаса, ол несие не кіріс төлемдерінің, сондай сипатқа ие басқа да несиелер мен кіріс төлемдерінің тобына енгізіледі. Бұдан әрі бұл несиелердің құндылығы топталып зерделенеді. Шығын әкелетін несиелер мен кіріс төлемдері топтарға енгізілмейді.

Несие немесе кіріс төлемі шығын әкелетініне дәлел табылса, шығын көлемі былай есептеледі: несиенің немесе кіріс төлемінің көлемі мен келешектегі ақша ағымдарының қазіргі құны арасындағы айырмашылық шығын болып танылады. Ақша ағымдарының қазіргі құны бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемен дисконтталған кепілдіктерден түсетін қайтарымды ескеру тиіс. Келісім-шарттағы ақша ағымдары, өткен шығындар көрсеткіштері және қазіргі экономикалық жағдай негізінде келешек ақша ағымдары болжамдалады.

Кейбір жағдайларда несие немесе кіріс төлемі шығынын бағалауға арналған мағлұмат шектеулі немесе мүлде ескі болуы мүмкін. Мысалы, қарыз алушы қаржы қиындықтарына тап болды. Ал сол сияқты қарыз алушылар туралы мәлімет аз. Мұндай жағдайда шығын көлемін бағалау үшін Банк өзінің тәжірибесін және көз-қарасын қолданады.

Несие немесе кіріс төлемі шығындарының бәрі табыс немесе шығын ретінде танылады. Ондай көрсеткіштерді өзгертудің бір ғана жолы бар – шығын танылғаннан кейінгі оқиғалар нәтижесінде қайтарылатын сома өсуі тиіс.

Егер несиені қайтару мүмкін болмаса, ол сол несие аясында қарастырылған жеңілдік ретінде теңгерімнен шығарылады. Банк несие (және оған байланысты жеңілдіктер) теңгерімнен басшылықтың шешімі бойынша шығарылады. Ол үшін несие қайтарылмайтын несие ретінде танылып, оны қайтарудың барлық жолдары нәтижесіз болуы тиіс.

(ii) Қаржылық емес активтер

Басқа қаржылық емес активтер (кейінге қалдырылған салықтан басқа) құнсыздану белгілері пайда болған әр кезде сарапталады. Қаржылық емес активтің қайтарым сомасы келесі екі көрсеткіштің ең үлкені болып табылады. Ол көрсеткіштер – сату шығындары шегерілген әділ баға немесе тұтынушылық баға.

Тұтынушылық бағаны табу үшін келешектегі ақша ағымдарының қазіргі құнын салық-алды дисконттау мөлшерлемесінің көмегімен дисконттау керек. Ол мөлшерлеме қазіргі нарық жағдайы мен сол активтің тәуекел аспектілерін ескеруі тиіс. Ірі ақша ағымдарын қалыптастырмайтын активтердің қайтарым сомасы сол активтерді басқаратын бөлімнің ақша ағымдары негізінде есептеледі. Егер активтің көлемі немесе оны басқаратын бөлімінің ақша ағымы қайтарым сомасынан артық шықса, құнсыздану шығыны танылады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы нәтижесінде болған шығындар табыс немесе шығын тарауында танылады. Олардың күшін жою үшін сол активтердің қайтарым сомасын белгілеуде қолданылған көрсеткіштер өзгеруі тиіс. Кез келген құнсыздану шығынының сомасы қалпына келтірілсе, ол сома ешқандай шығын танылмаған жағдайда белгіленетін амортизациядан кейінгі таза сомадан аспауы тиіс.

3 Есептік саясаттың негізгі қағидалары, жалғасы

(д) Несиелік міндеттемелер

Қалыпты бизнес жағдайында Банктің кредиттік міндеттемелері, ашық несиелері, несие хаттары және кепілдемелері болады.

Қаржы кепілдемесі – келісім-шарт. Оның шарттары бойынша Банк сол кепілдемені ұстаушыға белгілі-бір борышкер несиесін қайтара алмаған жағдайда керек соманы беріп тұрады.

Бастапқыда қаржы кепілдемелері әділ бағамен транзакция шығындарынан дара танылады. Кейінірек олар бастапқыда танылған мөлшерден жоғары деңгейде өлшеніп, сол өлшемнен жинақталған амортизация немесе сол шығын аясындағы резерв сомасы шегеріледі. Қаржы кепілдемесі мен басқа да несие міндеттемелерді орындау барысында ықтимал шығындарды жабу үшін резерв ашылуы мүмкін. Ол үшін сондай шығындардың ықтималдылығы жоғары және оны өлшеуге болатын жағдай туындауы тиіс.

Қаржылық кепілдік бойынша міндеттемелер және басқа да несие бойынша міндеттемелер басқа міндеттемелер қатарына қосылады.

Несие міндеттемелері тек келесі жағдайларда танылады:

- табыс немесе шығын ретінде әділ бағамен танылатын Банктің қаржы міндеттемелері;
- егер Банк бұрын несие міндеттемелерінен туындайтын активтерді сатумен айналысқан болса, сол кластағы несие міндеттемелері деривативті құрал ретінде қарастырылады;
- қолма-қол ақша арқылы орындалатын немесе басқа қаржы құралын ұсыну немесе шығару арқылы орындалатын несие міндеттемелері;
- несиені нарықтық пайыз мөлшерлемесінен төмен деңгейде ұсыну міндеттемесі.

(е) Акционерлік капитал

(i) Қарапайым акциялар

Қарапайым акциялар меншікті капитал болып саналады. Қарапайым акциялар мен акция опциондарын шығаруға кеткен шығындар меншікті капиталдан шегеріліп, барлық салықтардан дара қарастырылады.

(ii) Дивидендтер

Банктің дивидендтерді жариялап, оларды төлеу шаралары Қазақстанның заңнамасы аясында орындалады.

Қарапайым акциялардың дивидендтері бөлінбеген табыстан беріледі.

(iii) Салық

Табыс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған болып бөлінеді. Табыс салығы табыс немесе шығын тарауында танылады. Алайда, басқа табыс тарауына жататын салық немесе капиталда көрсетілетін салық табыс немесе шығын тарауында танылмайды.

Ағымдағы салық төлемдері сол есептік жылдың салық мөлшерлемеріне және өткен жылдар үшін салынатын өзгертулерге сәйкес төленеді.

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің қаржы есептемелердегі және салықтық есептемелердегі бағаларының арасындағы уақытша айырмашылыққа салынады. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері бастапқы тану бухгалтерлік және табыс салығы салынатын табысқа әсер етпейтін айырмашылықтарға салынбайды.

3 Есептік саясаттың негізгі қағидалары, жалғасы

(е) Акционерлік капитал, жалғасы

(iii) Салық, жалғасы

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері – Банктің есептік мерзімнің соңындағы активтер мен міндеттемелер өтеу барысындағы салықтардың салдары болып табылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері тек уақытша айырмашылықтың, қолданылмаған салық шығындары мен жеңілдіктердің орнын басатын келешек табыстарға салынады. Келешекте табыс әкелу ықтималдылығы төмен активтерге кейінге қалдырылған салық салынбайды.

Кейінге қалдырылған салық активтері тек бір жағдайда салынады – келешектегі табыс уақытша айырмашылық, қолданылмаған салық залалы және несие сипаттамаларына ие болуы керек. Кейінге қалдырылған салық активтері әр есептік кезеңде қайта қарастырылады және тиісті салық жеңілдіктері болу ықтималдылығы жоғалуымен бірге азаяды.

(ж) Табыс пен шығындардың танылуы

Пайыздық табыс пен шығындар табыс пен шығындар тарауында тиімді пайыздық әдіс арқылы танылады.

Несие рәсімдеу ақысы, несие қызмет ақысы және басқа да ақылар транзакциялық шығындармен бірге несиенің табыс бөлігі болып саналады да, сол несиенің мерзіміне тиімді пайыздық әдіс арқылы амортизацияланады.

Басқа да ақылар, комиссиялар және шығындар қызмет көрсетілген кезде табыс немесе шығын тарауында танылады. Банк несие алушыларға сақтандыру өнімдерін ұсына отырып, сақтандыру компаниясының агенті ретінде әрекет етеді. Сақтандыру бойынша комиссиялық табыстар Банкпен серіктестерден алынған агенттік қызметтер үшін комиссиялар болып келеді. Аталған комиссиялар тұтынушылық несиелер бойынша жалпы табыстылықтың ажырамайтын бөлігі болып табылмайды, өйткені бұл Банктің сақтандыру компаниясымен шарттық келісімдерімен белгіленген және мақұлданған. Банк сақтандыру тәуекеліне қатыспайды, ол үшін жауапкершілікті толық көлемде серіктес көтереді. Сақтандыру бойынша комиссиялық табыс Банк сақтандыру компаниясына агенттік қызметтерді көрсеткен кезеңге қарай кіріс немесе залал құрамында көрсетіледі.

Оперативті жалға алу төлемдері табыс немесе шығын тарауында жалға алу мерзімі бойы біркелкі бөліп тастау арқылы танылады. Көрсетілген жалгерлік жеңілдіктері жалға алудың толық шығындарының бір бөлігі болып табылады.

(з) Сегмент бойынша есеп беру

Операциялық сегмент дегеніміз – Банктің белсенді жұмыс істейтін, табыс тауып, шығын шығаратын (оның ішінде Банктің басқа да бөліктерімен іс-әрекеті нәтижесіндегі табыс пен шығындар) бөлігі; ондай бөліктің жұмыс нәтижесін басты басшы ұдайы сараптап отырады да, керек ресурстар туралы шешім қабылдап, оның жұмысын жеке қаржы мағлұматтары арқылы бағалап отырады.

(и) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсініктемелер

Келесі жаңа стандарттар, стандарттарға түзетулер мен түсіндірулер 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша әлі күшіне енген жоқ және осы қаржылық есептілікті дайындауға қолданылған жоқ. Банк осы мәлімдемелерді олар күшіне енген кезде қабылдауды жоспарлап отыр.

3 Есептік саясаттың негізгі қағидалары, жалғасы

(и) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсініктемелер, жалғасы

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»

2014 жылы шілде айында жарияланған ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: танылу мен бағалау» стандартын ауыстыруы тиіс, және оның құрамына қаржы құралдарын, қаржылық активтердің құнсыздануы мен хеджирлеуді жіктеу және бағалау бойынша талаптар кіреді.

(i) **Жіктеу және өлшеу**

ХҚЕС (IFRS) 9 қаржы активтерінің үш негізгі бағалау санатын қамтиды: амортизацияланған құны бойынша бағалау, әділ құнын басқа да жиынтық табыс құрамында көрсету арқылы бағалау (FVOCI), әділ құнын кіріс немесе залал құрамында көрсету арқылы бағалау (FVTPL). Қаржы құралдарын ХҚЕС (IFRS) 9 аясында жіктеу әдетте қаржы активтерінің басқарылу және шарттық ақша ағыны ерекшеліктерінесепке алу бизнес үлгісіне негізделеді. Стандарт ХҚЕС (IAS) 39 стандартының өтеуге дейін ұсталатын активтер, несиелер мен дебиторлық берешек және сатуға арналған активтерге қатысты категорияларын жояды. ХҚЕС (IFRS) 9 аясында негізгі келісімшартқа байланыстырылған және осы стандарттың қолдану шеңберіне жататын туынды қаржы құралдары негізгі келісімшарттан ажыратылмайды. Керісінше, осы гибриді келісім-шарт толығымен жіктеу мақсатында қарастырылады. Үлестік құнды қағаздар әділ құны бойынша бағаланады.

ХҚЕС (IFRS) 9 қаржылық міндеттемелерге байланысты жіктеулерге қойылған ХҚЕС (IAS) 39 стандартының талаптарын негізінен сақтап қалды. Алайда, егер ХҚЕС (IAS) 39 аясында Банк өз қарауы бойынша әділ құны бойынша бағаланатын өзгерістері кіріс немесе шығыс құрамында көрсетілетін деп танылған қаржы міндеттемелерінің әділ құнының өзгерісі кіріс немесе шығыс құрамында көрсетілсе, ХҚЕС (IFRS) 9 бойынша осы қаржы міндеттемелерінің әділ құнының өзгерісі келесі жолмен көрсетіледі:

- сол міндеттеменің несиелік тәуекелінің өзгерістеріне жататын әділ құнының өзгеру шамасы басқа да жиынтық табыс құрамында көрсетіледі; және
- әділ құн өзгерісінің қалған сомасы кіріс немесе шығыс құрамында ұсынылады.

(ii) **Құнсыздану**

ХҚЕС (IFRS) 9 «күтілетін кредиттік шығын» моделіне ХҚЕС (IAS) 39 «келтірілген шығын» моделін ауыстырады. Құнсызданудың жаңа моделі жалпы алғанда болжамды несиелік құнсыздануды қаржылық активтер бойынша жаңа құрылған немесе сатып алынған жағдай болса да кіріс немесе шығыс құрамында көрсетуді талап етеді. ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес, құнсыздану көлемі есептік кезеңнен кейінгі 12 ай ішінде (12 айлық БНҚ) ықтимал қаржы құралының дефолтқа ұшыраған жағдайында туындайтын болжамды құнсыздану көлемімен өлшенеді, немесе қаржы құралының толық айналым мерзімі ішінде (толық мерзімді БНҚ) барлық ықтимал дефолттық оқиғалар нәтижесіндегі болжамдық несиелік құнсыздану болып табылады. Бастапқыда қаржы құралы бойынша танылған болжамды несиелік құнсыздану көлемі 12 айлық БНҚ-ға тең (кейбір сауда-дебиторлық берешек, жалға беру бойынша дебиторлық берешек, шартты активтер мен сатып алынған немесе жаңадан құрылған несиелік құнсызданған қаржылық активтерден (POCI активтері) басқа). Қаржы құралының несиелік тәуекелі бастапқы мойындалған кезден бастап айтарлықтай өскен жағдайда шығыс ретіндегі болжамды резервтер толық мерзімдік БНҚ бойынша бағаланады.

12 айлық БНҚ ретінде бағаланатын қаржы құралдары 1-кезеңге жатқызылады; бастапқы мойындалғаннан кейін несиелік тәуекелі айтарлықтай ұлғайған, алайда әлі дефолтқа ұшырамаған қаржы құралдары 2- кезеңге жатады; дефолтқа немесе несиелік құнсыздануға ұшыраған қаржы активтері 3- кезеңге жатады.

3 Есептік саясаттың негізгі қағидалары, жалғасы

(и) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсініктемелер, жалғасы

(ii) Құнсыздану, жалғасы

Болжамды несиелік құнсыздану өлшемі объективті және ықтималдылық дәрежесі бойынша өлшенген болуы қажет, ақшаның уақытша құндылығын көрсетуі тиіс және өткен оқиғалар, ағымдағы шарттар мен келешектегі болжамды экономикалық шарттарды шамадан тыс шығындар мен күш салусыз қол жетімді, ақылға қонымды, дәлелденетін ақпаратты қолдануы тиіс. ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес, несиелік құнсыздану шығындары ХҚЕС (IAS) 39 стандартына қарағанда ертерек танылады, нәтижесінде пайда немесе залал құбылмалдылығына әсер етеді. Ол сондай-ақ құнсыздану резервінің өсуіне бейім болады, өйткені барлық қаржы активтері кем дегенде 12 айлық БНҚ-мен бағаланады, және толық мерзімді БНҚ қолданылатын қаржы активтерінің өсуі ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес анықталған құнсызданудың объективті белгілерінің өсуінен үлкенірек болуы мүмкін.

Болжамды несиелік шығындарды есептеу (кем дегенде, кейбір портфельдерінің үшін) экспозиция түріне, ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес жіктелетін экспозиция сатысына, ұжымдық немесе жеке бағалау, т.б. байланысты көзқарас негізінде жүзеге асырылуы ықтимал.

(iii) Хеджирлеуді есепке алу

Жалпы хеджирлеуді есепке алу талаптары хеджирлеуді есепке алуды жеңілдетуді, оны тәуекелдерді басқару стратегиясына неғұрлым сәйкес болуды мақсат етеді. Стандарт тек қана жеке жоба ретінде қарастырылатын макро хеджирлеуді есепке алуға арналмаған. ХҚЕС (IFRS) 9 аясында ХҚЕС (IAS) 39 хеджирлеуді есепке алу талаптарын қолдануды жалғастыру үшін есептік саясатын таңдауды қамтиды.

(iv) ХҚЕС (IFRS) 9-ға өту

Жіктеу және бағалау және құнсыздану талаптары әдетте салыстырмалы кезеңдерді қайта есептеу үшін ешқандай талапсыз, бастапқы қолдану күніндегі пайданы және қорларды сақтап реттеу арқылы ретроспективті қолданылады (кейбір ерекшеліктерден басқа).

ХҚЕС (IFRS) 9 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын жыл бойынша есептік кезеңнен бастап қолданылады. Стандарттың мерзімінен бұрын қолдану рұқсат етіледі. Банк стандартты мерзімінен бұрын қабылдауға ниетті емес.

Банк ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану нәтижесінде туындайтын қаржылық есептілікке әсерін ресми бағалауды бастаған жоқ, сонымен қатар ХҚЕС (IFRS) 9 жүзеге асыру үшін дайындық бағытында қандай да бір нақты іс-әрекеттерді де бастаған жоқ. Тиісінше, ол ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану Банктің қаржылық есептілігіне әсерін тигізеді деп іс жүзінде жоқ бағаланған жоқ.

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалгерлік»

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалгерлік» стандарты ағымдағы жалгерлік есепке алу нұсқауларын ауыстырады, соның ішінде ХҚЕС (IAS) 17 «Жалгерлік», IFRIC 4 «Келісім-шарттар құрамында жалгерлік белгілері бар келісімдерді анықтау», SIC-15 «Операциялық жалгерлік - стимулдары», SIC-27 «заңды жалгерлік формасы бар мәмілелердің мәнін анықтау». Ол ағымдағы жалгерлік бойынша теңгерімдегі қаржылық жалгерлік және теңгерімнен тыс операциялық жалгерлік шарттарына жіктейтін қос есепке алу моделінің күшін жояды. Оның орнына қазіргі қаржылық жалгерлікті теңгерімде есепке алу моделі қолданылады.

3 Есептік саясаттың негізгі қағидалары, жалғасы

(и) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсініктемелер, жалғасы

Жалға беру бойынша есепке алу қазіргі тәжірибеге сай жүргізілетін болады – жалға берушілер қаржылық және операциялық жалгерлікке жіктеуді жалғастырады. ХҚЕС (IFRS) 16 стандарты 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе одан кейінгі есептік кезеңнен бастап қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдану егер ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен шарттардың түсетін кірістер» стандарты енгізілгеннен кейін ғана рұқсат етіледі. Қоғам стандартты мерзімінен бұрын қабылдауға ниетті емес. Банкі ХҚЕС 16 қолданудан туындайтын оның қаржылық есептілік туралы әлеуетті әсерін бағалауда.

Басқа да түзетулер

Келесі жаңа қайта қаралған стандарттар Банктің қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді.

Ақпаратты ашып көрсету жөніндегі бастама (Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ХҚЕС (IAS 7) мәлімдемесіне түзетулер).

Іске асырылмаған шығындар үшін кейінге қалдырылған салық активтерін тану (Пайдаға салынатын салықтар ХҚЕС (IAS 12) мәлімдемесіне түзетулер).

4 Таза пайыздық кірістер мен шығыстар

	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
Пайыздық кірістер		
Клиенттерге берілген несиелер	35,882,843	32,327,826
Ақша қаражаты мен оның баламасы	1,426,427	63
	37,309,270	32,327,889
Пайыздық шығыстар		
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	5,902,264	2,410,527
Банктердің шоттары мен депозиттері	4,234,360	1,831,129
Шығарылған міндеттемелі құнды қағаздар	1,266,521	1,358,548
Депозиттік сертификаттар	4,016	-
Басқа да тартылған қаражат	-	1,320,273
Дәрежеленген қарыздар	-	7,680
	11,407,161	6,928,157
	25,902,109	25,399,732

2016 жыл бойынша құнсызданған немесе кешіктіріліп төленген клиенттік несиелерден түскен пайыздық кірістің толық сомасы – 999,250 мың теңге (2015 жыл: 1,680,422 мың теңге).

5 Комиссиялық кірістер

	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
Сақтандыру бойынша комиссиялар	12,039,838	11,539,126
Серіктестерден түскен комиссиялар	2,966,357	1,031,335
Клиенттерден шарттар бойынша түскен айыппұлдар	2,357,769	3,726,284
Карталар бойынша операциялар	118,589	122,526
Аударма операциялары	32,538	23,069
Ақша қаражатын алу үшін комиссия	2,603	2,965
Басқасы	93,068	100,819
	17,610,762	16,546,124

6 Комиссиялық шығыстар

	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
Серіктестерге төленген комиссиялар	574,140	582,451
Деректердің верификация қызметтері үшін комиссиялар	415,180	485,464
Депозиттерді сақтандыру қорына жарналар	91,995	33,990
Төлем карталары бойынша операцияларды өңдеу	87,690	66,437
Есеп-айырысу операциялары	31,011	19,645
Басқасы	60,115	42,210
	1,260,131	1,230,197

7 Әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары бойынша таза (шығыс)/кіріс

Әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдарының шығыс құрамында 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша 1,057,994 мың теңге мөлшерінде «Хоум Кредит энд Финанс Банк» ЖШҚ-мен қысқа мерзімді валюталық своп бойынша және 217,431 мың теңге мөлшерінде «ППФ Банка»-мен ұзақ мерзімді валюталық своп бойынша шығыс орын алды. Сонымен қатар Банк Қазақстан қор биржасында жасалған қысқа мерзімді валюталық своп келісімдері бойынша 732,606 мың теңге көлемінде таза кіріс таныды.

Әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдарының құрамында 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша 2,943,652 мың теңге көлемінде 2015 жылғы қараша айында өтелген ҚР ҰБ-мен бір жылдық валюталық своп келісімі және 4,513,651 мың теңге көлемінде 2015 жылы ҚР ҰБ-мен жасалынған овернайт валюталық своп операциялары келісімдері бойынша таза табыс танылған.

8 Шетелдік валютамен жасалынатын операциялардан таза залал

	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
Туынды қаржы құралдары		
Бағамдық айырма, нетто	113,069	(10,708,938)
Дилинг, нетто	51,198	5,192
	164,267	(10,703,746)

9 Құнсызданудан түскен залалдар

	2016 ж.	2015 ж.
	мың теңге	мың теңге
Клиенттерге берілген несиелер	772,819	9,883,555
Басқа да активтер	231,445	(4,788)
	1,004,264	9,878,767

10 Жалпы және әкімшілік шығыстар

	2016 ж.	2015 ж.
	мың теңге	мың теңге
Қызметкерлерге сыйақылар мен еңбекақы бойынша салықтар	10,240,847	8,255,305
Тозу және амортизация	1,953,998	1,593,039
Ақпараттық технологиялар	1,384,704	918,769
Төлемдерді жинау қызметтері	1,100,940	812,607
Жарнама және маркетинг	1,078,026	426,852
Жалгерлік және коммуналды төлемдер	1,043,776	947,857
Телекоммуникациялық және пошталық қызметтер	770,546	678,160
Кәсіби қызметтер	726,166	866,929
Табыс салығынан басқа салықтар	701,417	602,853
Іс-сапар шығыстары	239,842	192,723
Басқасы	552,494	351,322
	19,792,756	15,646,416

11 Табыс салығы бойынша шығыс

	2016 ж.	2015 ж.
	мың теңге	мың теңге
Ағымдағы салық төлемдері		
Кезең бойынша ағымдағы табыс салығы	4,961,070	3,031,792
Өткен есептік кезеңдерде (артық төленген)/ толығымен төленбеген ағымдағы табыс салығы	(216,239)	381,178
	4,744,831	3,412,970
Кейінге қалдырылған салық		
Уақыт айырмашылықтарының пайда болуы мен оларды қалпына келтіру салдарынан кейінге қалдырылған салық көлемінің өзгеруі	(354,558)	35,960
Барлығы табыс салығы бойынша шығыс	4,390,273	3,448,930

2016 жылы ағымдағы және кейінге қалдырылған салық бойынша қолданылатын мөлшерлеме 20%-н құрайды (2015 жылы: 20%).

11 Табыс салығы бойынша шығыс, жалғасы

Табыс салығының тиімді мөлшерлемесін есептеу:

	2016 ж.		2015 ж.	
	мың теңге	%	мың теңге	%
Салық салуға дейінгі кіріс	21,709,677		11,935,072	
Табыс салығының қолданыстағы мөлшерлемесіне сәйкес есептелген табыс салығы	4,341,935	20.0	2,387,014	20.0
Салық салынатын кірісті төмендетпейтін шығындар	264,577	1.2	680,738	5.7
Өткен есептік кезеңдерде (артық төленген)/ толығымен төленбеген табыс салығы	(216,239)	(1.0)	381,178	3.2
	4,390,273	20.2	3,448,930	28.9

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер

Қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны мен салық салынатын негізді есептеу мақсатында пайдаланылатын сомалар арасында туындайтын уақытша айырмашылықтары 2016 жылдың 31- желтоқсанындағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған таза салық активтері мен 2015 жылдың 31-желтоқсанындағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғады. Осындай кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер осы қаржылық есептілікте көрсетілген.

Табыс салығы бойынша салық салынатын база мөлшерін төмендететін уақыт айырмашылықтарын пайдалану мерзімі қолданыстағы заңнамамен шектелмеген.

2016 және 2015 жылдардағы 31-желтоқсанда аяқталған кезеңдер ішінде уақытша айырмашылықтардың қозғалысы төменде ұсынылған:

	2016 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	Табыс не шығыс құрамында көрсетілген	2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық
2016 ж. мың теңге			
Негізгі құралдар мен материалды емес активтер	(290,997)	(83,382)	(374,379)
Басқа да активтер	(99,597)	(16,269)	(115,866)
Әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары	-	42,486	42,486
Банктердің шоттары мен депозиттері	6,160	150,415	156,575
Басқа да міндеттемелер	229,224	261,308	490,532
	(155,210)	354,558	199,348

	2015 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	Табыс не шығыс құрамында көрсетілген	2015 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық
2015 ж. мың теңге			
Негізгі құралдар мен материалды емес активтер	(123,721)	(167,276)	(290,997)
Басқа да активтер	(129,729)	30,132	(99,597)
Банктердің шоттары мен депозиттері	-	6,160	6,160
Басқа да міндеттемелер	134,200	95,024	229,224
	(119,250)	(35,960)	(155,210)

12 Ақша қаражаты мен оның баламасы

	2016 ж.	2015 ж.
	мың теңге	мың теңге
Кассадағы ақша қаражаты	3,850,221	2,296,857
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі «Ностро» тәрізді шоттар	465,487	5,950,930
Басқа банктердегі «Ностро» тәрізді шоттар		
- несиелі рейтингі ВВВ- -ВВВ+	561,490	4,835,277
- ВВ- -ВВ+ аралығындағы несиелі рейтингімен	68,977	68,379
- несиелі рейтингі В+ төмен	75,298	38,843
Ақша қаражаты баламалары		
Бастапқы өтелу мерзімі үш айдан төмен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі депозиттер	10,406,356	-
Бастапқы өтелу мерзімі үш айдан төмен басқа банктердегі депозиттер		
- несиелі рейтингі В	1,000,988	-
	16,428,817	13,190,286

Жоғарыдағы кесте Standard & Poog's кредиттік рейтинг агенттігі немесе оған сай басқа халықаралық агенттіктердің берген рейтингіне негізделген.

Ақша қаражаты мен оның баламалары құнсызданған немесе мерзімі кешіктірілген болып табылмайды.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк капиталының 10%-нан асатын үлесте Банктің бір банкте шоты бар. Аталған қалдық 10,871,843 мың теңгені құрайды (2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша екі банкте шоты бар: аталған қалдық 10,683,127 мың теңгені құрайды).

Минималды резерв бойынша талаптар

ҚР ҰБ шығарған ережелерге сәйкес минималды қорларға қойылатын талаптар жалпы көрсетілген пропорциялардағы секілді түрлі банк міндеттемелерінің топтары бойынша есептелінеді. Банктер осы міндеттемелерді орташа минималды талаптарға тең немесе олардан жоғары орташа резервті активтерді (ұлттық валюта мен ҚР ҰБ теңгерімдері) қамтамасыз ете отырып орындауға міндетті. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша минималды қор 792,733 мың теңгені құрайды (2015 жылғы 31 желтоқсанда 1,410,438 мың теңгені құраған).

13 Клиенттерге берілген несиелер

	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
Жеке клиенттерге берілген несиелер		
Ақшалай берілген несиелер	73,549,504	75,329,100
Клиенттерге берілген тұтынушылық несиелер	44,948,116	31,127,604
Несие карталары	5,997,194	1,416,467
Барлығы клиенттерге берілген несиелер	124,494,814	107,873,171
Құнсыздануға сақталатын қор	(6,797,502)	(11,243,335)
Құнсыздану қорын шегерумен, клиенттерге берілген несиелер	117,697,312	96,629,836

Төмендегі кестеде 2016 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде клиенттерге берілген несиелердің кластары бойынша құнсыздану қорының өзгерістеріне жасалған талдау ұсынылған:

	Ақшалай берілген несиелер мың теңге	Тұтынушылық несиелер мың теңге	Несие карталары мың теңге	Барлығы мың теңге
Құнсыздану қорының кезең басындағы мөлшері	8,015,372	3,096,131	131,832	11,243,335
Құнсыздану қорының таза құрылуы	(738,287)	1,294,859	216,247	772,819
Таза есептен шығарулар	(3,205,687)	(1,911,286)	(101,679)	(5,218,652)
Кезең аяғындағы жағдай бойынша құнсыздану қорының мөлшері	4,071,398	2,479,704	246,400	6,797,502

Төмендегі кестеде 2015 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде клиенттерге берілген несиелердің кластары бойынша құнсыздану қорының өзгерістеріне жасалған талдау ұсынылған:

	Ақшалай берілген несиелер мың теңге	Тұтынушы- лық несиелер мың теңге	Несие карта- лары мың теңге	Қамтама- сыз етілген қарыздар мың теңге	Барлығы мың теңге
Құнсыздану қорының кезең басындағы мөлшері	10,477,013	2,087,839	163,125	-	12,727,977
Құнсыздану қорының таза құрылуы	6,937,245	2,838,767	113,388	(5,845)	9,883,555
Таза есептен шығарулар	(9,398,886)	(1,830,475)	(144,681)	5,845	(11,368,197)
Кезең аяғындағы жағдай бойынша құнсыздану қорының мөлшері	8,015,372	3,096,131	131,832	-	11,243,335

13 Клиенттерге берілген несиелер, жалғасы

(а) Жеке тұлғаларға берілген несиелердің сапасы

Төменгі кестеде клиенттерге берілген несиелердің сапасы туралы ақпарат берілген, 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша:

	Құнсыздану қорын есептен алуға дейінгі несиелер мың теңге	Құнсыздану қоры мың теңге	Құнсыздану қорын есептен алғаннан кейінгі несиелер мың теңге	Құнсыздану қоры құнсыздану қорын есептен алуға дейінгі несиелер сомасына қатысты, %
Жеке тұлғаларға берілген несиелер				
- мерзімі өтпеген	112,384,312	(787,558)	111,596,754	0.70
- мерзімі 90 күннен төмен мерзімге кешіктірілген	5,615,726	(1,768,196)	3,847,530	31.49
- мерзімі 90-360 күндік мерзімге кешіктірілген	6,494,776	(4,241,748)	2,253,028	65.31
Барлығы жеке тұлғаларға берілген несиелер	124,494,814	(6,797,502)	117,697,312	5.46

Төменгі кестеде клиенттерге берілген несиелердің сапасы туралы ақпарат берілген, 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша:

	Құнсыздану қорын есептен алуға дейінгі несиелер мың теңге	Құнсыздану қоры мың теңге	Құнсыздану қорын есептен алғаннан кейінгі несиелер мың теңге	Құнсыздану қоры құнсыздану қорын есептен алуға дейінгі несиелер сомасына қатысты, (%)
Жеке тұлғаларға берілген несиелер				
- мерзімі өтпеген	90,718,285	(1,100,209)	89,618,076	1.21
- мерзімі 90 күннен төмен мерзімге кешіктірілген	6,042,455	(2,513,401)	3,529,054	41.60
- мерзімі 90-360 күндік мерзімге кешіктірілген	11,112,431	(7,629,725)	3,482,706	68.66
Барлығы жеке тұлғаларға берілген несиелер	107,873,171	(11,243,335)	96,629,836	10.42

Мерзімі 90 күннен артық мерзімге кешіктірілген несиелерді Банк табыс әкелмейтін несиелер деп жіктейді. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы құнсыздану қорларының табыс әкелмейтін несиелерге қатыстығы 105%-н құрайды (2015 жылғы 31 желтоқсан: 101%).

Төлемдері 360 күннен артық мерзімге кешіктірілген есептен шығарылады.

13 Клиенттерге берілген несиелер, жалғасы

(ә) Несиелер құнсыздануын бағалаудағы негізгі жорамалдар мен пікірлер

Банк құнсызданудан түскен залалдарды 3(ғ) (і) -ескертпеде көрсетілген есептік саясатқа сәйкес бағалады. Құнсызданудан келіп түскен залалдарды бағалаған кезде қолданатын негізгі жорамалдар келесілерді қамтиды:

- шығыстар миграциясының деңгейі тұрақты және соңғы 12 ай ішінде келтірілген нақты шығыстар миграциясы моделінің негізінде анықталуы ықтимал;
- несиелер алушылар өз бетінше өтеуге қабілетті болмайтын қамтамасыз етілмеген несиелердің теңгерімдік құнының 23%-28% көлеміндегі залалдың бөлігі берешекті қайтару жөніндегі кейінгі шаралар арқылы өтелуі мүмкін.

Жоғарыда аталған бағалаулардың өзгеруі несиелердің құнсыздану қорына әсер етуі мүмкін. Мысалы, ағымдағы сәтке келтірілген болжамды ақша қаражаты ағындарының таза құны плюс/минус бір пайызға өзгергенде, 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеке клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану қорының көлемі 1,176,973 мың теңгеге төмен/жоғары болушы еді (2015 жылғы 31 желтоқсан: 966,298 мың теңге).

(б) Несиелердің қосымша қамтамасыз етілуі

Несиелерді өтеу мүмкіндігі біріншіден несиелер алушының төлеу қабілеттілігіне байланысты болады. Клиенттерге берілген несиелер кепілзатпен қамтамасыз етілмеген.

(в) Клиенттерге берілген несиелердің шоғырлануы

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банкте несиелері капиталдың 10%-нан асатын несиелер алушылары жоқ (2015 жылғы 31 желтоқсанда: несиелер алушылары жоқ).

(г) Несиелерді өтеу мерзімдері

Несие қоржынын құрайтын несиелерді өтеу мерзімдері есептік күндегі жағдай бойынша 26 (в) Ескертпеде ұсынылып, есептік күннен несиелер шарттары бойынша өтеу күндеріне дейін уақыт кезеңдері болып табылады.

14 Негізгі құралдар мен материалды емес активтер

мың теңге	Жер және ғимараттар	Компьютерлер	Көлік құралдары	Жалға алынған мүлікті абаттандыру	Басқа мүліктер мен құрал жабдықтар	Материалды емес активтер	Ортанылатын негізгі құралдар	Барлығы
Нақты құны								
2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	489,410	1,587,737	174,488	750,232	857,695	4,664,967	156,734	8,681,263
Түсімдер	-	-	-	39,347	9,205	653,631	2,425,509	3,127,692
Есептен шығулар	-	(132,473)	(40,780)	(163,858)	(93,238)	(199,298)	(15,612)	(645,259)
Алмастыру	-	286,810	111,325	337,711	135,065	1,539,124	(2,410,035)	-
2016 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	489,410	1,742,074	245,033	963,432	908,727	6,658,424	156,596	11,163,696
Тозу және амортизация								
2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	(21,050)	(762,895)	(73,142)	(256,870)	(278,043)	(1,408,847)	-	(2,800,847)
Жыл бойынша есептелген тозу мен амортизация	(9,390)	(372,050)	(27,260)	(135,709)	(155,520)	(1,254,069)	-	(1,953,998)
Есептен шығулар	-	128,166	31,575	11	57,709	196,542	-	414,003
2016 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	(30,440)	(1,006,779)	(68,827)	(392,568)	(375,854)	(2,466,374)	-	(4,340,842)
Теңгерімдік құны								
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	458,970	735,295	176,206	570,864	532,873	4,192,050	156,596	6,822,854

14 Негізгі құралдар мен материалды емес активтер, жалғасы

мың теңге	Жер және ғимараттар	Компьютер- лер	Көлік құралдары	Жалға алынған мүлікті абаттанды- ру	Басқа негізгі құралдар	Материал- ды емес активтер	Орнатыла- тын негізгі құралдар	Барлығы
Нақты құны								
2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	488,900	1,678,720	149,057	711,200	847,936	2,951,168	160,303	6,987,284
Түсімдер	-	6,938	25,431	76,344	20,038	1,595,088	683,518	2,407,357
Есептен шығулар	-	(406,768)	-	(78,345)	(96,784)	(83,378)	(48,103)	(713,378)
Алмастыру	510	308,847	-	41,033	86,505	202,089	(638,984)	-
2015 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	489,410	1,587,737	174,488	750,232	857,695	4,664,967	156,734	8,681,263
Тозу және амортизация								
2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	(11,673)	(734,489)	(49,703)	(172,910)	(200,822)	(684,404)	-	(1,854,001)
Жыл бойынша есептелген тозу мен амортизация	(9,377)	(428,011)	(23,439)	(161,578)	(162,812)	(807,822)	-	(1,593,039)
Есептен шығулар	-	399,605	-	77,618	85,591	83,379	-	646,193
2015 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	(21,050)	(762,895)	(73,142)	(256,870)	(278,043)	(1,408,847)	-	(2,800,847)
Теңгерімдік құны								
2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	468,360	824,842	101,346	493,362	579,652	3,256,120	156,734	5,880,416

2016 жылы салынған немесе сатып алынған мүлік және құрал-жабдыққа байланысты капиталданған қарыз шығындары жоқ (2015 жыл: нөл).

15 Басқа да активтер

	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
Бөлшек сауда комиссиялары бойынша дебиторлық берешек	1,490,585	925,342
Банктерге берілген несиелер мен алғытөлемдер	1,737	1,952
Барлық басқа қаржы активтері	1,492,322	927,294
Алдын ала төлемдер	434,240	176,539
Материалдар	208,333	155,457
Кейінге қалдырылған салық активтері	199,348	-
Қызметкерлердің дебиторлық берешегі	79,215	157,980
Табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	14,090	238,739
Ағымдағы салық активтері	-	73,961
Басқасы	21,865	5,457
Құнсыздану қоры	(29,052)	(3,236)
Барлық басқа қаржылық емес активтер	928,039	804,897
Барлық басқа да активтер	2,420,361	1,732,191

Құнсыздану қорының өзгерістерін талдау

31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша құнсыздану қорындағы өзгерістер төмендегідей ұсынылады:

	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
Жыл басындағы жағдай бойынша құнсыздану қорының көлемі	3,236	5,879
Құнсыздану қорының таза есептелуі	231,445	(4,788)
Есептен шығару	(205,629)	2,145
Жыл аяғындағы жағдай бойынша құнсыздану қорының көлемі	29,052	3,236

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да активтердің құрамына кіретін мерзімі өткен жалпы дебиторлық берешегі 32,098 мың теңгені құрайды (2015 жылғы 31 желтоқсан: 4,213 мың теңге).

16 Әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары

Құралдың түрі	Шартты сомасы	Өтелу мерзімі	Банк жасайтын төлемдерден	Банк қабылдайтын төлемдерден	Әділ құн бойынша міндеттемесі
Шетел валютасындағы своп	АҚШ доллары 20,000,000	19/09/2017	Мың теңге 7,677,000 өтеу мерзімі кезінде	АҚШ доллары 20,000,000 өтеу мерзімі кезінде	212,431

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдарына 2016 жылы «ППФ Банк»-пен қол қойылған валюталық своп келісімі кіргізілді. Осы шарт бойынша Банк 2017 жылы 7,677,000 мың теңгені 20,000 мың АҚШ долларына айырбастауы қажет. Мерзімі өтелмеген осы келісім-шарт бойынша алынған бірақ іске асырылмаған пайда мен залал мерзімі өтелген бірақ реттелмеген келісім шарттар бойынша дебиторлық және кредиторлық төлемдермен қатар, тиісінше пайда немесе залал, және әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдарында көрсетіледі.

17 Банктер шоттары мен депозиттері

	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
«Востро» түрлі шоттар	2,802	34,975
Мерзімдік депозиттер	20,273,531	23,903,483
	20,276,333	23,938,458

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банкте шоттары мен депозиттері капиталдың 10%-нан асатын контрагент жоқ. (2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша көлемі 21,836,815 мың теңгені құрайтын бір контрагент бар).

18 Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері

	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері		
- Жеке клиенттер	7,182,385	8,982,845
- Корпоративтік клиенттер	1,104,082	3,736,131
Мерзімдік депозиттер		
- Жеке клиенттер	32,206,873	9,100,456
- Корпоративтік клиенттер	33,025,187	22,482,512
	73,518,527	44,301,944

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттары мен депозиттері капиталдың 10%-нан аса бөлігін құрайтын Банктің бір клиенті бар (2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша: бір клиент). Аталған клиенттің шоттары мен депозиттері бойынша 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жиынтық көлемі 5,231,356 мың теңгені құрайды (2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша: 3,400,300 мың теңге).

19 Шығарылған міндеттемелі құнды қағаздар

	Өтелу мерзімі	Купон, %	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге
1- облигациялық бағдарламаның аясында кепілдендірілмеген теңгелік облигациялардың 1- шығарылымы*	2016 ж. қараша	8.5	-	7,009,921
2- облигациялық бағдарламаның аясында кепілдендірілмеген теңгелік облигациялардың 1- шығарылымы*	2019 ж. ақпан	9.5	6,920,282	6,881,848
			6,920,282	13,891,769

* Қазақстан Қор Биржасының Бағасы

20 Депозиттік сертификаттар

2016 жыл ішінде Банк толық номиналдық құны 314,600 мың теңгені құрайтын өтелу мерзімінде төленетін 18% тұрақты мөлшерлемеде жеке тұлғаларға арналған 1 жылдық кепілдендірілмеген банктің депозиттік сертификаттарын шығарды.

21 Басқа да міндеттемелер

	2016 ж.	2015 ж.
	мың теңге	мың теңге
Серіктестер алдындағы кредиторлық берешек	2,627,539	959,034
Қызметтер үшін кредиторлық берешек	869,901	823,107
Барлығы басқа қаржы міндеттемелері	3,497,440	1,782,141
Қызметкерлер алдындағы кредиторлық берешек	1,042,822	679,967
Ағымдағы салық міндеттемесі	598,070	-
Еңбек демалыстары бойынша қор	542,809	410,424
Табыс салығынан басқа салықтар бойынша несиелік берешек	245,232	404,985
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	-	155,210
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер	10,972	1,388
Барлығы басқа бейқаржылық міндеттемелер	2,439,905	1,651,974
Барлығы басқа да міндеттемелер	5,937,345	3,434,115

Серіктестер алдындағы несиелік берешек Банктің тауарды банк несиесіне сататын немесе Банк клиенттеріне қаржы қаражатын беретін ұйымдардың алдындағы міндеттемелері болып келеді.

22 Капитал

(а) Шығарылған акционерлік капитал

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығаруға рұқсат етілген Банктің акционерлік капиталы 160,240 қарапайым акциядан тұрады (2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 160,240 қарапайым акциядан), ал шығарылған және айналымда болған Банктің акционерлік капиталы 34,890 қарапайым акциядан тұрады (2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 34,890 қарапайым акциядан). Акциялардың номиналды құны жоқ.

(ә) Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің үлестіруге қолжетімді қорларының көлемі Банктің ХҚЕС сәйкес дайындалған қаржы есептілігінде көрсетілген, жыл бойынша таза кірісті есепке алғанда үлестірілмеген кірістің көлемімен немесе жиынтық шығыс болған жағдайда жыл бойынша таза табыспен шектеледі. Егер өз капиталының мөлшері теріс болса немесе Банк төлем қабілетсіздігіне тап болса, дивидендтерді төлеуге жол берілмейді. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес есепті күндегі бөлінуі тиіс қордың қол жетімді көлемі 30,986,307 мың теңгені құраған (2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша 26,666,940 мың теңгені құраған).

Есептік күнге Банктің жай акциялары бойынша жарияланған және төленген дивидендтер көлемі:

	2016 ж.	2015 ж.
	мың теңге	мың теңге
Қарапайым акцияға шаққанда 372,600.7 теңге (2015: долл. США 172,040.2)	13,000,037	6,002,481

22 Капитал, жалғасы

(б) Сақтық капиталы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 мамырдағы «Екінші деңгейдегі банктердің динамикалық резервті қалыптастыру қағидаларын бекіту және динамикалық резервтің ең аз мөлшерін, күтілетін шығындардың мөлшерін белгілеу туралы» № 137 Қаулысына (бұдан әрі - Қаулы) сәйкес, банкте динамикалық резерв қалыптастырылуы керек, оның көлемі аталған қаулыда берілген формула бойынша есептеледі және ол нөлден төмен болмау керек.

2014 жылдың шеңберінде динамикалық резервтің мөлшері уақытша 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша динамикалық резерв мөлшерінің деңгейінде орнатылған болатын. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің динамикалық резерві нөлге тең.

23 Бір акцияға шаққандағы теңгерімдік құн

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акцияның теңгерімдік құны келесі мағлұмат негізінде есептеледі: айналымдағы қарапайым акциялар саны – 34,890 (31 желтоқсан 2015 ж.: 34,890), және «ҚҚБ» АҚ-ның листинг ережелерімен есептелген таза активтер негізінде келесі әдіспен есептелді:

	2016 ж.	2015 ж.
	мың теңге	мың теңге
Барлығы активтер	143,369,344	117,432,729
Материалды емес активтер	(4,192,050)	(3,256,120)
Барлығы міндеттемелер	(107,183,534)	(85,566,286)
Таза активтер	31,993,760	28,610,323

2016 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір акцияның теңгерімдік құны төменде көрсетілген:

	2016 ж.	2015 ж.
Таза активтер, мың теңге	31,993,760	28,610,323
Жыл аяғындағы айналымдағы қарапайым акциялар саны	34,890	34,890
Бір акцияға шаққандағы теңгерімдік құн, теңгемен	916,989	820,015

24 Бір акцияға шаққандағы табыс көлемі

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір акцияға шаққандағы табыс көлемі алты айлық кезеңдегі қарапайым акциялардың иелеріне тиесілі таза табыс көлемі мен қарапайым акциялар санына негізделеді. Есептелу жолы:

	2016 ж.	2015 ж.
Қарапайым акциялардың иелеріне тиесілі таза табыс, мың теңге	17,319,404	8,486,142
Қарапайым акциялардың орташа саны	34,890	34,890
Бір акцияға шаққандағы табыс көлемі, теңгемен	496,400	243,226

2016 жылғы 31 желтоқсанда және 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша айналымдағы акциялардың құнын төмендететін қосымша акциялар шығарылған жоқ.

25 Сегменттер бойынша талдау

Банк қызметі жоғары деңгейде біріктірілген болып табылады және ХҚЕС (IFRS) 8 «Операциялық сегменттер» мақсаттары үшін бірыңғай операциялық сегмент болып келеді. Банк активтері Қазақстан Республикасында шоғырланған, сонымен Банк Қазақстан Республикасында қызметін іске асырудан және соған байланысты кіріс алады. Банктің операциялық шешімдерді қабылдау жөніндегі жауапты тұлғасы болып Басқарма Төрағасы табылады, ол тек қана жалпы Банк бойынша ақпарат алып, оған талдау жасайды.

26 Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару банк қызметінің негізіне жатады және Банктің операциялық қызметінің маңызды құрағышы болып табылады. Нарық тәуекелі, несие тәуекелі және өтімділік тәуекелі Банк өз қызметін іске асыру барысында кездестіретін негізгі тәуекелдер болып табылады.

(a) Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат және процедуралар

Банктің тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Банк шалдығатын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, және де тәуекелдер деңгейінің және олардың бекітілген лимиттерге сәйкестігінің тұрақты бағалауына бағытталады. Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен процедуралар нарықтағы жағдайдың өзгерістерін, ұсынылатын банк өнімдерін және ұлғайып келе жатқан тәжірибені көрсету мақсатында жүйелі негізде қайта қарастырылып тұрады.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жөніндегі бақылау жүйесінің тиісті түрде жұмыс істеп тұрғаны үшін, негізгі тәуекелдерді басқару және тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты және рәсімдерді мақұлдау үшін, және де ірі мәмілелерді мақұлдау үшін жауапты болады.

Банк Басқармасы мониторинг пен тәуекелдерді төмендету бойынша шараларды енгізу үшін жауапты болады және, Банк өз қызметін тәуекелдердің белгілі бір шектерінде іске асыратынын қадағалап жүреді. Тәуекелдер департаментінің директоры міндеттеріне тәуекелдерді жалпы басқару мен қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуына бақылау жүргізу, және де қаржы, сондай-ақ, қаржы емес тәуекелдері бойынша анықтау, бағалау, басқару және есептер құраудың жалпы ережелері мен әдістерін қолдануды бақылау кіреді. Ол тікелей Басқарма төрағасына және жанама түрде Директорлар кеңесіне есеп береді.

Несие және нарық тәуекелдері және өтімділік тәуекелі Несие комитеттері жүйесімен және Активтер мен пассивтерді басқару комитетімен (АПБК) бақыланады.

Барлық ұйым бойынша жасалатын шешімдер барысында сыртқы және ішкі тәуекел факторларына, әсіресе тәуекелді төмендету бойынша ағымдағы рәсімдер жеткіліктілігінің деңгейін белгілеуге ерекше назар аударылады. Стандартты несие және нарық тәуекелдерін талдаудан басқа, Банктің жалпы тәуекелдерді басқару жүйесі өтімділік, операциялық, ақпараттық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік, комплаенс, капитал мен рентабельділік тәуекелдеріне қатысты бизнестің үздіксіздігін кепілдендіретін басқа да тәуекел негіздерін қамтиды. Барлық аталған тәуекел бағыттары ұйым ішіндегі әр бөлімшелерге тіркелген ішкі бақылау талаптарымен қолдауымен жүргізіледі. Қаржылық және қаржылық емес тәуекелдер белгілі бір бағыттар бойынша сараптамалық бағалау алу мақсатында операцияндық бөлімшелермен жиі кездесулер ұйымдастыру арқылы бақыланады.

26 Тәуекелдерді басқару, жалғасы

(ә) Нарық тәуекелі

Нарық тәуекелі - нарық бағалары өзгеруінің салдарынан әділ құнның немесе болашақтағы ақша қаражаты ағындарының қаржы құралдары бойынша өзгеру тәуекелі. Нарық тәуекелі валюта тәуекелінен, сыйақы мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелінен және басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарық тәуекелі құбылмалы валюта бағамы мен пайыздық мөлшерлеменен қатар қаржы құралдарының қолайсыз бағасына байланысты туындайды.

Нарық тәуекелін басқарудың міндеті – басқару және нарық тәуекеліне шалдыққыштығы орынды параметрлер шектерінен шықпайтынын бақылау, сонымен қатар қабылданған тәуекел үшін алынатын табыстылықтың оңтайландыруын қамтамасыз ету.

Басқарма төрағасымен басқарылатын Басқарма - нарық тәуекелін басқару мен стратегиясы үшін жауапты орган болып табылады. Ашық валюталық позиция жайғасымы, валюта жеткіліксіздігі, таза пайыздық шектеулер мен спрэд сияқты нарық тәуекелінің лимиттері жергікті Тәуекелдер департаментінің директорына тәуелді Нарықтық тәуекелдер басқармасымен бақыланады. Директорлар кеңесі Нарықтық тәуекелдер басқармасының ұсынымдарына сүйене отырып, нарықтық тәуекел лимиттерін белгілейді.

(i) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі – бұл нарықтық сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру салдарынан, әділ құнның немесе болашақ ақша қаражаты ағындарының өзгеру тәуекелі. Банк өтімділікті тарту мақсатында қолданатын құралдары - стресстік кезеңдерде жоғары пайыздық өзгеріске бейім своп келісімдері. Басқа құралдар пайыздық мөлшерлеме қатысында тұрақты болғандықтан Банктің қаржылық жағдайының нарықтық өзгерістерге сезімталдығы төмен. Пайыздық маржа мен пайыздық мөлшерлеме спрэді ерте ескерту параметрі бойынша баға стратегиясына уақытылы әсер ету арқылы АПБК-мен бақыланады.

Мөлшерлемелерді қайта қарастыру мерзімдерін талдау

Басқарма сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелін бақылап, пайыздық кірістер түзетін қаржы құралдары арасында тиісті тепе-теңдікті сақтау мақсатында жағымсыз өзгерістер көлеміне тиісті шектеулер қолданады.

Негізгі қаржы құралдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарастыру мерзімдеріне қатысты қысқа ақпарат төмендегідей ұсынылуы мүмкін:

мың теңге	3 айдан төмен	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 -5 жылға дейін	Теңгерімдік құны
2016 жылғы 31 желтоқсан					
Пайыздық қаржы активтері					
Ақша қаражаты мен оның баламалары	11,407,344	-	-	-	11,407,344
Клиенттерге берілген несиелер	33,306,028	22,524,794	30,405,675	31,460,815	117,697,312
Басқа қаржы активтері	-	-	1,737	-	1,737
	44,713,372	22,524,794	30,407,412	31,460,815	129,106,393
Пайыздық қаржы міндеттемелері					
Банктердің шоттары мен депозиттері	5,505,542	2,641,595	10,626,394	1,500,000	20,273,531
Клиенттердің депозиттері	11,307,299	4,561,578	34,439,908	14,923,275	65,232,060
Шығарылған міндеттемелі құнды қағаздар	248,272	-	-	6,672,010	6,920,282
Депозиттік сертификаттар	83	-	318,533	-	318,616
	17,061,196	7,203,173	45,384,835	23,095,285	92,744,489
